

Rosa Impex®
COSMETIC COMPANY
www.rosaimpex.com
Made in EU

BeEXTREME

PRESTIGE vip's

BeExtreme ШАШҚА АРНАЛҒАН РЕҢК БЕРЕТІН БАЛЪЗАМНЫҢ жаңа формуласында аммиак пен оксидант жоқ. 100% таза әрі табиғи майлар, қалақай сығындысы мен F дәруменінің арқасында шашты нәзік бояйды және нәрлендіреді. Қалақай сығындысы мен F дәруменінің зейтүн майы мен макардамия майымен үйлесуі шашыңызға тамаша жылтырақ, күш сыйлайды және таралуын жеңілдетеді. vip's PRESTIGE BeExtreme ШАШҚА АРНАЛҒАН РЕҢК БЕРЕТІН БАЛЪЗАМ – шаш бояудың жартылай тұрақты әсері бар үш түрлі әрекет ете алатын құрал. Косметикалық формуласындағы жылтыр пигменттердің арқасында өзіңізге жаңа ТҮС сыйлаңыз, немесе № 00 BeEXTREME vip's PRESTIGE Бейтарап түзеткішпен араластырып, НЮАНС алыңыз, немесе реңктерді ЖАСАМПАЗДАЙ қосыңыз. Бұл құрал: Шашты ұзындығынан бояу. Жартылай бояу. Бөлек шаш бүрмаларын бояу үшін пайдаланылуы мүмкін.

100%

KZ

ШАШҚА АРНАЛҒАН РЕҢК БЕРЕТІН БАЛЪЗАМНЫҢ

BeEXTREME топтамасындағы құралдардың арнайы формуласы реңі ашық шаштарда 100 % ашық реңктер жасауға мүмкіндік береді. Бұл құрал табиғи және боялған шаштарға реңк беру үшін пайдаланылады. Қалаған реңк алу үшін құлдарар алдында кішігірім шаш бұрымына байқау тестін өткізіңіз. Барынша жақсы нәтиже алу үшін vip's PRESTIGE-ден BeEXTREME Түссіздендіру жиынтығымен алдын ала түссіздендірілген шашқа жағуға кеңес береміз.

- 4/12

vip's PRESTIGE BeExtreme ШАШҚА АРНАЛҒАН РЕҢК БЕРЕТІН БАЛЪЗАМ - мынадай қасиеттерге ие авантюрлық құрал: Пайдалануға толық дайын. Пайдалануға оңай. Бояудың стандартты уақыты – 5 минуттан 90 минутқа дейін кестені қараңыз! F дәрумені, қалақай сығындысы, 100% зейтүн майы, нағыз макардамия майы мен үлгімәлік майы бар арнайы формуласы шашыңызды сақтап ғана қоймай, құрылысын жақсартып, оларды сондай тірі және жылтыр етеді. Шаштың таралуын жеңілдетіп, құрылысын жақсартатын және шашқа жылтырлық пен жұмсақтық сыйлайтын кондиционерлер көшені бар. Шашқа арналған дәстүрлі бояулардың құрамына кіретін және тұтынушыларда аллергиялық реакцияларын тудыратын PPD, резорцинол мен 1-нафтол құрамында жоқ. Аммиак, моноэтанолламин немесе басқа сіңіретін құрамында жоқ. Шашты зақымдайтын сутек тотығы немесе басқа тотықтырыштар құрамында жоқ. Шаштың табиғи pH-на жақын қалыпты pH бар (4-5). 100% таза әрі табиғи майлар, қалақай сығындысы мен F дәруменінің үйлесуі арқасында ұзақ қолданған кезде шаш құрылымын зақымдамайды. Шашты нығайтады және қуаты мен жылтырын қалпына келтіреді. Бұл құрал терісі сәзімтал, тотықтырылған және шаш бояуларына аллергиясы бар тұтынушыларға таптырмас құрал. Бұл құралға аллергиялық реакцияны пайда болу қаупі шаш бояуына қарағанда әлдеқайда төмен. Бұл құрал ашық, көзге түсетін және қызық реңктерді жасау үшін өте жақсы. Ne 00 BeEXTREME vip's PRESTIGE Бейтарап түзеткішпен араластыра отырып өзіндік реңктерді жасауыңызға болады.

ҚАПТАМАНЫҢ ҚҰРАМЫ:

*1. Балъзаммен туба 100 мл ; 2. Екі қолғап; 3.Қолдану жөніндегі нұсқаулық

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Бұл құрал шашқа арналған оксидациялайтын құрал болып табылмағандықтан шалғырттанған немесе тым ақ шашты толық боя алмайды. Осындай жағдайларда жақсы нәтиже үшін балъзамды, әсіресе түттерге, қайталап жағу қажет, немесе vip's PRESTIGE-ден Түссіздендіретін жиынтықтың көмегімен шашты алдын ала түссіздендіру қажет.
- Бұл құрал шашты түссіздендірмейді, сондықтан қазіргі реңкіңізден ақшылдау реңк алыңыз келсе, ол Сізге жарамайды. Осындай жағдайда реңк беру немесе түссіздік жылтыры мен ашықтығын еселей түсу үшін пайдалануыңыз мүмкін. Барынша ашық нәтиже алу үшін немесе vip's PRESTIGE-ден Түссіздендіретін жиынтықты пайдалануға кеңес береміз.
- Бұл құрал дәлме-дәл реңке бояу үшін немесе реңк беру үшін пайдаланылады.
- Қаптамалары балъзам түсінің бояудан кейінгі шаш реңкінен айырмашылығы болуы мүмкін.

СЕЗІМТАЛДЫҚКА ТЕСТ!!!

Осы құралды пайдаланбас бұрын міндетті түрде сезімталдыққа тест өткізіңіз: алдын ала спирттен тазартылған шынтақтың бүгілген жеріндегі тонердің аздаған мөлшерін жағыңыз. Егер 48 сағаттан кейін тітіркену немесе қызу пайда болмаса – бұл құралды пайдалануыңызға болады. Аллергиялық реакция пайда болғанда шашыңызды жылы сумен тез арада жуыңыз және бояу процедурасын аяқтаңыз.

ҚОЛДАНЫЛУЫ:

Алдан ала дайындық:

Бояу үшін Сізге: •Қаптаманың құрамы, Тарақ, Бояу жақыш , Сағат, Қорғайтын пелерина | Кеңес: Досыңызды көмекке шақырыңыз – шашты бояу оңай әрі жаныңызға жайлы болады!

!!! Бұл құралды алғаш рет пайдаланып отырсаңыз және шашыңыз түссіздендірілмеген болса, жақсы нәтиже алу үшін vip's PRESTIGE–ден BeEXTREME Түссіздендіру жиынтығын қолдануға кеңес береміз.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Маңызды!!! Бұл құрал аллергиялық реакцияны тудыруы мүмкін.

- Бояудың алдында нұсқаулықты мұқият оқыңыз.
- Осы құралмен шашыңызды боясаңыз да, бояудың алдында 48 сағат бұрын СЕЗІМТАЛДЫҚКА ТЕСТ міндетті түрде өткізіңіз.
- Қас пен кіріпкіті бояу үшін пайдаланбаңыз.
- Құралдың көзге және киімге тиіп кетуін болдырмаңыз. Көзге тиген жағдайда, тез арада таза сумен жуып шығыңыз!
- Үнемі қорғайтын қолғап пен пелерина пайдаланыңыз.
- Нұсқаулықта көрсетілген әсер ету уақытын асырмаңыз.
- Оңтайлы нәтиже алу үшін бүкіл қоспаны бір рет пайдаланыңыз.
- Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Егер теріңізге ауру немесе жарақаттар болса, толық сауыққанға дейін осы құралды пайдаланбаңыз. Аллергиялық реакциялар пайда болса бұл құралды қолдануды тез арада тоқтатыңыз және дәрігеріңізден кеңес алыңыз.
- 16 жасқа толмаған тұлғаларға қолдануға ұсынылмайды.
- Қынамен жасалған уақытша дене әшекейлері аллергиялық реакцияның пайда болу тәуекелін арттыруы мүмкін.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР

- Егер шашыңыз мыңыңыздан төмен, өте қалың және көлемді болса, vip's PRESTIGE BeExtreme ШАШҚА АРНАЛҒАН РЕҢК БЕРЕТІН БАЛЪЗАМНЫҢ 2 немесе одан да көп қаптамасын пайдалануыңызға кеңес береміз.
- Шашты химиялық бұйраудан немесе тегістеуден 2 апта бұрын немесе өткен соң шашыңызды боямағаныңыз жөн. Осы жағдайда нәтиже біркелкі болмауы немесе тым қанық болуы мүмкін. Осындай жағдайларда қалаған нәтиже алуға сенімді болуыңыз үшін аздаған ішкі шаш бұрымына тесттік бояуды өткізіңіз.
- Шашыңызға химиялық бұйраулауды жасасаңыз, түс ашығырақ және қанығырақ болуы мүмкін. Шашыңыздың шағын ішкі бөлігінде алдын ала бояуды өткізуге кеңес береміз.
- Оңтайлы нәтиже алу үшін Сіз бірнеше рет таңдаған түсті пайдаланыңыз.
- Түстің оңтайлы тұрақтылығы үшін бояудан кейін 2-3 күн шашыңызды жумауға кеңес береміз.
- Шашыңызды бояу кезінде балъзамның кездейсоқ тиіп қалуынан, боялған аймақта спирттің аздаған мөлшеріне дымықылданған мақтамен тазартыңыз.

БОЯУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Қолдану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқыңыз және сақтық шараларымен танысыңыз. Қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген кестелерді және түстің күткен нәтижеңізге сәйкес болатынын тексеру үшін және тонердің әрекет ету уақытын дұрыс анықтау үшін қаптамаларды бояу нәтижесінің түс сызбасын зерттеп шығыңыз. Шашыңызды алдын ала кәдімгі сусайымен жуыңыз, кейін сәл дымқыл етіп қалдырып сүлгімен келтіріңіз. Бояуды бастамас бұрын, киіміңізді кірлетпеу үшін иығыңызды қорғайтын пелеринамен жабыңыз. Әрекет ету уақытын нақты анықтау үшін сағат дайындап қалыңыз. Қорғайтын қолғап киіңіз. Тубаның қапқақшасын ашыңыз және тубадағы қорғаныш мембрананы тесіңіз. Құралды жағу үшін тарақ пен қылшақ пайдаланыңыз.

Кеңес: терінің боялуы болдырмау үшін шаштың өсу сызығы бойымен майлы крем жағыңыз.



БҰРЫМДАРДЫ БОЯУ

Боямас бұрын бұрымдарды бояу әдісін таңдаңыз.

БӨЛЕК КЕҢ БҰРЫМДАР:

Шаштың ұзындығы бойымен жұқа және ұзын бұрымдарды бояу үшін бұрымдарға арналған арнайы бас киім қажет. Боялатын бұрымдарды бөліктен алыңыз. Жеңіл бояу үшін шашыңызды жұқа бұрымдарға бөліңіз, анық әрі ерекше көңіл аударылатын бояу үшін – шашыңызды ірі бұрымдарға бөліңіз. Қылшақпен тонерді бар ұзындығына үлестіріңіз. Балъзамды шаштың барлық ұзындығы бойынша жаққаны маңызды, және шаш түттеріне жиналмағанын бақылау қажет. Бояудан кейін шашыңызды арқа желкеңізге жайғастырыңыз. Бояу кезінде шаш бұрымдарын еш уақытта бетіңіздің алдында қалдырмаңыз. Осы бүкіл процедураны қалған бұрымдармен қайталау қажет.



Бояу кезінде жұқа бұрымды толығымен жабуы тиіс. *КЕҢЕС: жұқа бұрымдарды бояғыңыз келсе, ол үшін арнайы бас киім пайдаланыңыз.*

ШАШ НЕГІЗІНДЕГІ БҰРЫМДАР ҰЗЫНДЫҒЫ БОЙЫНША ІШКІ

БҰРЫМДАР НЕМЕСЕ ТЕК ЖЕЛКЕДЕ: Шаштың астыңғы қабаты бос болатындай етіп, шашыңыздың жоғары қабатын жинап алыңыз (резеңке немесе қыстырғыш көмегімен). Қолдану жөніндегі нұсқаулықтың 16-т. орындаңыз. *КЕҢЕС: ойынның көмегімен балъзамның шаш ұзындығы бойымен біркелкі үлестірілгенін тексеріңіз.*



ШАШТЫҢ ҰШТАРЫН БОЯУ

Жұқаулар үстіндегі шаштың жоғары бөлігі бояу үшін бос қалуы үшін жұқаулар парағын шаш ұзындығының ортасына орналастырыңыз. Шаштың жоғары қабатын біркелкі бояңыз, кейін шашыңызды жұқаулармен жабыңыз.



ТОЛЫҚ БОЯУ

Балъзамды сәл дымқыл шашыңызға жағыңыз, оны қылшақ пен тарақтың көмегімен шаштың бүкіл ұзындығына біркелкі үлестіріңіз. Нұсқаулықта көрсетілген әрекет ету уақытын ұстаныңыз. Қорғайтын қолғапты шашыңыз және оны келесі кезең үшін сақтаңыз.

ЖҰЫП ШАУ

Ұсынылған әрекет ету уақыты аяқталған соң, міндетті түрде қорғайтын қолғап киіп алыңыз, су мөлдірі болғанша шашыңызды жылы судың мол мөлшерімен жуыңыз. Тонердің теріге тимеуін қадағалаңыз. Бояудан кейін бірден сусабын немесе балъзам пайдаланудың қажеті жоқ.

БОЯУДАН КЕЙІНГІ КҮТІМ

Бояудың оңтайлы тұрақтылығы мен шаш күтімі үшін vip's PRESTIGE топтамасының сусайындары мен маскаларын пайдаланыңыз. Олардың арнайы формуласы шашыңызды барынша тұрақты бояуға дайындайды. Бұл құралдар бояу арасындағы кезеңде ашық әрі қанық түстің сақталуына көмектеседі. Шашыңыз мықты, жылтыр әрі әдемі болып көрінеді.

	Табиғи ашық түсті шаш	Шалғырттанған шаш	Түссіздендірілген шаш	Боялған шаш*	Ал-қоңыр шаш	Қоңыр шаш
20	10 min.	30 min.	5-10 min.	10 min	x	x
25	10 min.	30 min.	5-10 min.	10 min	x	x
30	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	x	x
32	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	x	x
33	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	x	x
34	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	x	x
35	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	x	x
36	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	40 min **	x
37	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	40 min **	x
40	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	x	x
41	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	x	x
43	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	40 min **	x
44	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	40 min **	x
45	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	40 min **	x
50	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	40 min **	x
51	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	x	x
52	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	40 min **	x
55	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	40 min **	x
56	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	40 min **	x
57	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	x	x
58	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	40 min **	x
60	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	40 min **	x
69	30 min.	30 min.	30 min.	30 min	40 min **	x
00	1/Шашты толық кондициялау – 30 мин. 2/Топтаманың қалған түстерімен араластыру үшін.***					

Жеңіл реңк береді

* Шашқа арналған оксидациялайтын бояумен реңке дәлме-дәл немесе ақшыл реңкеге боялған шаштар.

**Алынған реңк Сіздің түсіңіз бен балъзамның түсінен құралатын болады.

***Эксперимент жасағыңыз келе ме? Топтамаларды басқа балъзамдармен араластыру жолымен қызықты аздау жаңа реңктер алу үшін Бейтарап түзеткіш пайдаланылуы мүмкін. Өз қиялыңыз бен жасампаздығыңызды жберіңіз – өз реңкіңізді алыңыз!